

"Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 78-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 31 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4162. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 25.04.2013 № 130-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2438 нөмірмен тіркелген, " Ресми газетте" 2003 жылғы 6 қыркүйекте N 36 нөмірінде жарияланған, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 14 қарашадағы N 270-НҚ бұйрығымен , Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 142-НҚ бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауында "Табиғи монополия" деген сөздер "Табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "Табиғи монополия" деген сөздер "Табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі жөніндегі ережеде:

атауында "Табиғи монополия" деген сөздер "Табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

барлық мәтін бойынша "тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту", "тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын) қалыптастырған және бекіткен", "тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту", "тарифін (бағасын, алым ставкасын) бекіту", "тарифті (бағаны, алым ставкасын), жалпы шаруашылық және әкімшілік мақсаттағы шығыстарды бекіткен" деген сөздер тиісінше "тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) және тарифтік сметалар бекіту", "тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларын қалыптастырған және бекіткен", "тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметалар бекіту", "тарифін (бағасын, алым ставкасын) және тарифтік сметасын бекіту", "тарифті (бағаны, алым ставкасын) және тарифтік сметаны, жалпы шаруашылық және әкімшілік мақсаттағы шығыстарды бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "Табиғи монополия" деген сөздер "Табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасында "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нормативтер" деген сөздер "Салалық техникалық және технологиялық нормалар, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

### 3 - т а р м а қ т а :

төртінші абзацтағы "белгіленген және (немесе) бекітілген нормалардың, нормативтердің, стандарттар" деген сөздер "салалық техникалық және технологиялық нормалардың, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"құзыретті орган - салалық министрлік және (немесе) ведомство, ал су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін - жергілікті атқарушы органдар;"

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті орган - белгіленген құзыреті шегінде табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган немесе облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы орган.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шығын бөлігіне енгізілетін

материалдық шығыстар өнімнің (қызметтердің, тауарлардың, жұмыстардың) бірлігін шығаруға арналған салалық техникалық және технологиялық нормаларға (бұдан әрі - материалдық ресурстар) және (немесе) құзыретті және уәкілетті органда бекітілген және сараптамалық бағалаудан өткен материалдық ресурстардың нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тендерлік (конкурстық) сатып алулардың нәтижелері бойынша анықталған материалдық ресурстардың бағаларына сүйене отырып айқындалады.";

9-тармақ алынып тасталсын;

11-тармақ "және уәкілетті органда сараптамадан өтеді." деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақтағы "Субъектінің" деген сөз "Табиғи монополия субъектісінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтың бірінші абзацындағы "еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау органдарымен" деген сөздер "жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 7 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Коммуналдық қызметтердің жалпы үйге арналған және (немесе) жеке есептеу құралдарын сатып алуды және орнатуды табиғи монополия субъектісі өзінің және (немесе) қарыз қаражат есебінен жүзеге асырады.";

үшінші абзацта "Егер" деген сөзден кейін "жеке" деген сөзбен толықтырылсын;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Табиғи монополиялар субъектілері тарифінің (бағасының, алым ставкасының) есебіне қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының шамасына пайда ставкасының туындысы ретінде анықталатын пайданың (таза табыстың) деңгейі енгізіледі. Пайда ставкасы және қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады."

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Труба құбырлары және су кәріздері жүйелері саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (А.Г.Асқарова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін :

1) оны белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П.Нефедовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Келісілген:

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі

2006 жылғы 30 наурыз